

Бекболатова Құралай Маратовнаның 6D010700 – Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеудің көкейкестілігі. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғыру болмайды деп, Елбасы Н.Назарбаевтың Рухани жаңғыру бағдарламасы мақаласында атап көрсетілді .

Әр азаматтың кәсіби қызметінде экологиялық зардаптардың салдарынан табиғи құндылықтарымызды жойып алмау мақсатында тәрбиелі, жан-жақты біліммен қаруланған, өз ұлтының мәдениеті мен салт-дәстүрін, кәсіби ойлау көзқарасы дамыған маман тәрбиелеу маңыздылығына жеке тоқталады.

Жоғарыда айтылғандарға бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру үдерісі толықтай жауап береді. Себебі, экодизайн технологиялары қазақ халқының ерте заманнан сәндік қолөнер бұйымдарын жасаудың түрлері мен жолдарынан, бұйымдар дайындаудағы шебер орындалған кестелеу, өру, өрнектеу, басылған, тоқылған сияқты өңдеу тәсілдері, бұйымдар материалдарының күміс, тері, ағаш, мақта, жүн, зығыр, қыш, сазбалшық және т.б., қоршаған ортамен байланысты болғанынан хабар береді. Сәндік қолөнер бұйымдарын таза, табиғи материалдармен жасаудағы композиция, конструкция, технологиялық бірізділігін орындау әдістері жоғары шеберлікті қажет етеді. Ал, оны экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарына үйрету дәстүрлі қолөнерге, оның дәстүрлі технологияларын меңгеруге, табиғи материалдарды пайдалану мүмкіндіктерін түсінуге, кәсіби білімге, кәсібіне, шеберлікке, кәсіби әрекеттерінің дамуына ықпал етеді. Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігінің қалыптасуының маңызын кеңейтеді.

Көптеген зерттеулерде педагогтар мен психологтар, өнертанушылар мен философтар, әлеуметтанушылар мен экологтар еңбектерінде аталған мәселелер жан-жақты қарастырылып келеді.

Авторлар, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен теориялық-әдіснамалық негіздерін және олардың ерекшеліктері мен функцияларын көрсеткен педагог-ғалымдар: С.И.Архангельский, Ю.К.Бабанский, политехникалық білім беру үдерісіндегі кәсіби қызығушылықты қалыптастыру мәселесін П.Р.Атутов, С.Я.Батышев, Ю.К.Васильев және т.б.

Бірқатар отандық ғалымдар да өз еңбектерінде болашақ маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселелеріне арнаған. Педагог-мамандардың кәсіби даярлығын білім беру мен оқыту мәселелерін Ә.И.Ысқақ, Ұ.Ж.Қонақбаева,

студенттердің технологиялық шеберлікке бағыттылығын Е.А.Байбатшаева, педагогикалық кәсіби бағыттылығын И.А.Балабаева, оқушылардың кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыруын Ү.З.Адилышинова, сынды ғалымдар зерттеген. Л.Х.Мәжитова инженерлік-техникалық білім беруде кәсіби қызығушылықты қалыптастыруды терең зерттеген.

Айтылған зерттеулер негізінде Ресей елінің, кәсіби шеберлікке толыққанды зерттеу жұмыстарын жүргізген психолог және педагог-ғалымдар: Э.К. Карпенко, В.В. Пучков, Г.Ф. Привалова, А.К. Кульбекова, О.И. Радомская, Е.В. Дорофеева, Л.З. Жемухова, И.В. Романец, Е.Г. Вотина, Т.С. Рожок.

Бейнелеу өнері және сызу, сәндік қолөнері пәндерінің негізінде эстетикалық тәрбие беру мен эстетикалық қызығушылығы мәселелерін: Б.А.Әлмұхамбетов, Т.К.Мусалимов, Қ.О.Жеделов, Ә.Қамақ, Ж.Балкенов, Қ.Болатбаев, Ф.Н.Жұмабекова, А.Қ.Ералин зерттесе; сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушылар мен студенттерге тәрбие беру мәселелерін зерттеген педагогтар Ү.М.Әбдіғапбарова, А.А.Сағымбаев, Ш.З.Айдарова, П.А.Абашев, Р.Х.Қанапьянова, К.І.Құдабаева, Ж.Б.Мунашова, Б.А.Айдарбек, Ө.Займоғлу және т.б.

Өнер мамандарын кәсіби даярлауда диверсификациялау мәселесін көтерген Т.Ә.Қышқашбаев, болашақ өнертану мамандарының кәсіби даярлау жүйесін зерттеген педагог-ғалым Г.А. Мұратбаева.

Біз зерттеу жұмысымызда экодизайн бағытына арналған алыс және жақын шетел мен отандық ғалымдар еңбектеріне де тоқталдық. Олар, экологиялық дизайнның көркем жобалау үдерісін зерттеу тәжірибесіне үлкен мән берген А.В.Уваров, заманауи экодизайн костюмдерінде Якут елінің ұлттық киімдеріндегі дәстүрлі элементтерін қолдану тәжірибесімен бөліскен З.М. Забалоцкая, экологиялық мәдениет пен құзырлылық тұстарын зерттеген А.О.Глазачева, Е.Н. Голованова.

Сонымен қатар, отандық ғалымдар зерттеулері болашақ маманның экологиялық білімін арттыруда инновациялық технологияларды қолдану Ж.С.Сихынбаева, мектепке дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға Н.С.Сайлауова, оқу жобалық іс-әрекет процесінде болашақ мамандардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін Э.Ө.Сағындықова, К.Ш. Бакирова қарастырған.

Бейнелеу өнері және сызу, графика, сәндік қолөнер пәндерін оқытудың әдістемесі бойынша І.С.Сманов, Қ.Ералин, М.Ж.Тәңірберген, Д.А.Кемешов, С.К.Бейсенбеков, С.Е.Асылханов, Б.Е.Оспанов, Ж.Н.Шайгозова, Т.М.Қожағұлов, Е.Т. Кісімісов және т.б.

Сондай-ақ, болашақ технология пәні мұғалімдерін (көркем еңбек) даярлаудың оқу-тәрбие үдерісі мәселелерін қарастырған: К.Ә.Дүйсенбаев, М.Ж.Қозыбақов, К.Өстеміров, С.А.Жолдасбекова, Д.Үркінбаева, Б.Ж.Жиентаева, Н.Б.Рахметова, Р.А.Дәрменова, А.Д.Райымқұлова, Г.Қ.Шырынбаева, А.С.Сманова және т.б. болашақ маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыруда мүсін және қыш материалдарынан бұйымдарын пайдалану мәселесіне арнаған Б.А. Мұхаметжанов.

Қазақстан сәндік қолөнерінің дамуы мен оның түрлеріне, өнертанымдық көзқарастарын С.А.Шкляева, С.М.Қырықбаева білдірсе, өнертанушы М.Э.Султанова, қазақ бейнелеу өнерінің теориясын таза өнер контексінде зерттеген.

Сонымен аталған ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерге, озық педагогикалық тәжірибелерге жасаған талдау күні бүгінге дейін экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру проблемасының ғылыми-теориялық тұрғыда жеткілікті негізделмегенін дәлелдейді. Демек, болашақ бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігі қоғамның сұранысы мен оның жүйелі түрде зерттелмегені арасында; экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру мүмкіндіктерінің жоғарылығы мен оны жүзеге асыруға байланысты оқу-әдістемелік кешенінің жоқтығы мен экодизайн технологияларының ерекшеліктерінің жеткілікті қамтамасыз етілмеуі арасында; болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда *қарама-қайшылықтың* бар екені анық байқалады. Осы қарама-қайшылықтың шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемамызды анықтауға және тақырыпты **«Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру»**, - деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу және оның мазмұны мен әдістемесін жасау.

Зерттеудің нысаны – болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру.

Зерттеудің пәні – экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеудің ғылыми болжамы – *егер*, болашақ бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық негіздері мен ерекшеліктері айқындалса, *онда*, болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін қалыптастырудың моделі және оны жүзеге асырудың әдістемесі жасалып, оқу-тәрбие үдерісіне ендірілсе, экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптасады, *өйткені* оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби білімі, кәсіби әрекеті, дағдысы, шеберлігі артады. Мұндай ЖОО оқу-тәрбие үдерісі экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда негіз болады.

Зерттеудің міндеттері:

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың ерекшеліктерін негіздеу;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың моделін жасау, өлшемдерін, көрсеткіш деңгейлерін айқындау;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың әдістемесін жасау және тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Жетекші идея. Болашақ бейнелеу өнері мамандарын даярлаудың оқу-тәрбие үдерісінде дәстүрлі қолданбалы өнердің (киіз басу) тарихи-мәдени мұралары мен кешенді жұмыс бірізділігін меңгерту арқылы кәсіби білімі, кәсіби әрекеті, дағдылары, шеберлігі артады. Сондай-ақ, болашақ бейнелеу өнері мамандарына, сәнді бұйымдарды экодизайн технологиялары арқылы жасау кәсіби шеберлігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері болып өнертанушылық, философиялық, экологиялық, тарихи, әлеуметтанушылық, этнографиялық, педагогикалық, психологиялық, этнопедагогикалық ғылым салалары бойынша зерделеу, теориялық тұрғыда талдау. Ұлттық қолданбалы өнер туындылардың даму тарихын зерделеу. Дәстүрлі өнер, заманауи өнердегі экодизайн технологиялары, болашақ маманды дамытудағы кәсіби білім, кәсіби әрекет, шеберлікке жету кезеңдері. Жүннен бұйымдар дайындаудың теориялық және практикалық негіздері, болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби әлеуеті туралы теориялық тұжырымдар саналады.

Зерттеудің көздері. Рухани жаңғыру бағдарламасы, Қазақстан – 2030” Жолдауы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми құжаттары (Заңдары, қаулы-қарарлары), Білім және ғылым министрлігінің ұлттық мәдени мұраны оқу-тәрбие процесіне ендіруге байланысты тұжырымдамалары мен бағдарламалары, оқу құжаттары, ғалымдардың (тарихшылар, этнографтар, философтар, өнертанушылар, психологтар, педагогтар) еңбектері, ұлттық мәдени мұралар, педагогика ғылымының озық тәжірибелері мен жетістіктері, сондай-ақ диссертанттың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі саналады.

Зерттеудің әдістері: зерттеу проблемасы бойынша философиялық, өнертану, психологиялық, педагогикалық, технологиялық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; жоғары оқу орнының оқу құжаттарына (мемлекеттік стандарт, оқу жоспары, бағдарламалар, оқулықтар), педагогтардың озық тәжірибелеріне талдау; сауалнама жүргізу; әңгімелесу; педагогикалық эксперимент; мәліметтерді математикалық тұрғыдан өңдеу.

Зерттеудің теориялық маңызымен ғылыми жаңалығы:

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың ерекшеліктері негізделді;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіш деңгейлері анықталды;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді.

Зерттеудің практикалық мәні: болашақ бейнелеу өнері мамандарына арнап: «Дизайн негіздері», «Сәндік қолөнер негіздері», «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәндері бағдарламалар мазмұнына қосымшалар; «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәніне арналған белсенді үлестірмелі материал; «Экодизайн және технология» атты болашақ бейнелеу өнері және сызу мамандарына арналған оқу-әдістемелік құралы дайындалды; осы оқу-әдістемелік құралы негізінде «Дизайн және технология» атты арнайы курс бағдарламасы жасалды. Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың шеберханада және шеберханадан тыс оқыту әдістемелері көрсетілді.

Зерттеу материалдарын арнаулы және жоғары оқу орындарының бейнелеу өнері және сызу, көркем еңбек, көркемсурет және графика, дизайн, сондай-ақ, мамандардың біліктілігін қайта жетілдіретін мекемелерде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Экодизайн, технология, кәсіби білім, кәсіби әрекет, шеберлік, кәсіби шеберлік ұғымдарының мәні мен сипаты, теориялық негізделуі экодизайн материалдарымен сәндік қолөнер бұйымдарын дайындаудың конструкциялық-технологиялық, пластикалық ерекшеліктерін анықтау, экодизайн материалдарын қолдану мүмкіндіктері, болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби білімін, кәсіби әрекетін, кәсібіне белсенділігін, көркемдік ойлау қабілеттерін дамытып, кәсіби шеберлігін қалыптастырады.

2. Болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда экодизайн технологиялары жетекші құрал болып табылады. Өйткені, экодизайн технологияларының дәстүрлі және заманауи түрлері, экодизайн материалдары мен оларды дайындау ерекшеліктерін түсінуі кәсіби білімге, өңдеу түрлерінің бірізділігін білуі кәсіби әрекеттерге; дәстүрлі өнердің техникалары мен технологияларын меңгеруі кәсібіне белсенділігін, әртүрлі табиғи материалдармен жұмыс жасауы кәсіби шеберлікке шыңдайды.

3. Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексстік компоненттерінің бірлігін қамтиды және нақты өлшемдер мен көрсеткіштер арқылы сипатталады.

4. Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың оқу-әдістемелік нұсқаулар мазмұнын жасап, арнайы курс бағдарламасы, жаңартылған білім мазмұны негізіндегі топтық жұмыс, сын тұрғысынан ойлау, диалогтік оқыту, ұжымдық қызметте дәстүрлі және инновациялық әдістерді практикаға ұсыну болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Анықтау, бақылау, қалыптастыру эксперименттерінің қорытынды нәтижелері беріледі.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі. Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерімен дәлелденуімен, зерттеу

мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, экспериментке қатысушы болашақ бейнелеу өнері мамандар санының жеткілікті болуымен, теориялық қағидалар мен зерттеу нәтижелерін өндеуде математикалық статистикалық тексеруден өтілуімен анықталады.

Зерттеу кезендері:

Бірінші кезеңде (2015-2016 жж.)

Зерттеудің теориялық базасы анықталды. Қозғалып отырған проблема бойынша материалдар жиналып, жүйеге келтірілді, ғылыми аппарат жасалды, педагогтардың озық тәжірибелері жинақталды. Эксперимент бағдарламасы даярланды. Жүн материалдарынан бұйымдар жасаудың технологиялық бірізділігі, ерекшеліктері мен бүгінгі күндегі маңызы қарастырылды.

Екінші кезеңде (2016-2017 жж.)

Оқу-тәрбие үдерісіне ендірілетін экодизайн технологияларының мазмұны және одан сәнді бұйымдарды жасауға байланысты материалдар сұрыпталды. Жүн материалдарынан бұйымдар жасату арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың моделі түзіліп, өлшемдері мен көрсеткіштері деңгейлері анықталды. Тәжірибелі-эксперимент жұмыстары жүргізіліп, зерттеудің теориялық маңыздылығы практикалық сабақтарда жүзеге асырылды.

Үшінші кезеңде (2017-2018 жж.)

Зерттеу нәтижелері жүйеге келтіріліп, деректер математикалық өндеуден өтті, ұсыныстар мен қорытындылар берілді, пайдаланылған әдебиеттер жүйеге келтірілді. Диссертация рәсімделіп, ғылыми жұмыс ретінде өңделді.

Зерттеу базасы: Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтында жүргізілді. Экспериментке 51 студент қатысты, оның 26 эксперимент тобында, 25 бақылау тобында.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және практикаға ендіру.

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 14 (он төрт) еңбекте жарияланған, Соның ішінде 3 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1-еуі Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 5-еуі халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 3-еуі алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларда (Новосібірск, Украина, Түркия), 1-оқу әдістемелік құралы жарық көрген. «Асыл арна» телеканалының «Ұлттық нақыш» атты бағдарлама айдарында «Жүннен жасалған киімдердің пайдасы» тақырыбында (2016 ж.) көрсетілді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің көкейкестілігі, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, зерттеу базасы, қорғауға ұсынылатын қағидалары анықталды.

«Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық негіздері»

атты бірінші тарауда зерттеу проблемасының теориялық негіздері экодизайн технологияларының арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың ерекшеліктері мен моделі, көрсеткіш деңгейлері мен компоненттері жасалды.

«Болашақ бейнелеу өнері мамандарын экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші тарауында жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде кәсіптендірілген пәндерді оқыту мен экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың мазмұны, формалары мен әдістері, әдістемесі беріледі.

Қорытынды бөлімде зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қосымшада зерттеудің бастапқы және тәжірибелік материалдары тіркелді.